

## ТІЛ БІЛІМІ

### АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ БӨТЕН ЭЛЕМЕНТТЕР

*Абнасырова Р.*

*С. Демирел атындағы университет*

Адамды жануардан айыратын факторлар – оның ақылы мен тілі. Тіл – адам баласының ішкі және сыртқы дүниесін ашатын бірден-бір құрал. Тілсіз өмір мәнісін айқындап, онда өз орнын табу мүмкін емес. Ғылымның, мәдениеттің тірегі – тіл. Әр халық өз тілін құрметтейді, қастерлейді. Өйткені ол – ұлт белгісі, дербестік көрінісі, тарих айнасы, ел болашағы. Сондықтан халық тіліне көзінің қарашығындай қарап, бөтен тілмен ластамай, таза сақтауы тиіс.

Алайда, бұл әрқашан мүмкін бола бермейді. Бұған себеп – тарихтың бір-бір беттері мен адам баласының тілді өз ыңғайына бұрып алуға тырысуы. Қазіргі тілдің стандарттық жүйеден ауытқуы, дәлірек айтқанда, түрлі слэнг, жаргон, варваризм осының айғағы. Бұл феноменді алғаш зерттеп, еңбек жазған француз лингвисті Поль Лафарг 20-30 жылдары Праж мектебі лингвистиканың зерттеу қорын айтарлықтай толықтырды. Бұл лингвистикалық мектептің негізгі тезисі – тіл мен әлеуметтік өмірдің тығыз байланысын көзден таса қылмау. (1)

Ағылшын лингвисті Джон Спенсер және оның әріптесі Ричард Холл (2) өз еңбектерінде бұл тезисті растай отырып, қостілділікті мысал ретінде келтіреді. Ғалымдардың айтуы бойынша бұл құбылыс Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін өрши түсті. Ол, соғыс зардабын ең көп көрген, Африка мен Азиядағы ғана емес, бүкіл әлемнің түкпір-түкпірінде орын алды. Мысалы, Канадада француз және ағылшын, Бельгияда француз және фламан, Швецарияда француз және неміс, Индияда хинди және ағылшын, ТМД елдерінде ана тілдері мен орыс тілі қатар қолданылады.

Қазақстанда қазақ тілінде сөйлейтін көп азаматтардың сөйлеу тілінде бөтен сөзді араластырып қолдану жиі кездеседі. Осы қазақ тілімен бірге қатар жүретін тілдің бірі – орыс тілі. Бұл диллеманы бүге-шігесіне дейін зерттеп, белгілі еңбектер жазған тіл мамандары – А.Т.Қайдаров, В.А.Исенғалиев, Б.Х.Хасанов, А.Е.Карлинский, т.б. Олар қазақ-орыс қостілділігінің әлеуметтік факторларын анықтап, орыс тілінің белгілі топтарда, жастар, интеллигенция, жұмысшылар, егде кісілер мен ересектер арасында қолданылуын толық зерттеген.

Қазіргі таңда күнделікті сөз қолданыста кеңінен қолданылып жүрген «проезд», «остановка», «вообще», «или», «короче», «ручка», «привет», сықылды жиі қолданылатын сөздер, түрлі жаргондар мен слэнгтер негізінен орыс тілінен енген.

Мысалы, «Әсел алда сессия уақыты келе жатыр. Экзаменге дайындалып жатырсыңдар ма?» «Пока, жоқ. Жақындасын, походу дайындаламыз, бұйырса» деген екі студенттің екі сөйлемдік диалогының өзінен бірнеше бөтен сөзді байқауға болады. Дәл осы сөйлемді таза қазақша «Әсел алда емтихан уақыты келе жатыр. Емтиханға дайындалып жатырсыңдар ма? Әзірге, жоқ. Жақындасын, жүре дайындаламыз, бұйырса» деп те қолдануға болады. Алайда, осы сөйлемдегі *жүре дайындаламыз* деген сөз, әрине, сөйлемде басқа мағынада қолданылып кетеді. *Жүре дайындаламыз* деген жүріп-жүріп дайындаламыз деген мағынада түсінуге болады. Жүре сөзінің орнына «уақытында» немесе «жақындағанда» деп қолдануға да болады. Бірақ бұл сөздердің өзі *походу* сөзінің тура аудармасы емес. Тек мағынасы жақын ғана сөздер.

Осы сөйлемдегі *пока* сөзінің аудармасы – «әзірге». Бұл сөз сөйлемде дәл қолданылып тұр. Ал *пока* сөзінің өзі орыс тілінде екі мағынада қолданылады. Біріншіден, «пока, 1. нареч. В течение некоторого времени, впредь до чего-н. Он п. учится. П. ничего не известно.» (3) Осы орыс тілінің бірінші мағынасында қолданылып тұрған *пока* сөзінің аудармасы қазақ тілінде «әзірге» болып аударылған. Мысалы жоғарыдағы сөйлемдерді «ол әзірге оқиды, әзірге ештеңе белгісіз» деп аударсақ та мағынасы еш өзгермейді. Әзірге сөзі *пока* сөзіне тура аударма болған тәрізді. Ал, *пока* сөзінің екінші мағынасы «2. частица. До свидания (прост.) Ну, п.!» (3) Бұл мағынада қолданылып тұрған *до свиданья, пока* сөзі қазақ тілінде «сау бол, көріскенше» деген сөздермен аударылады. «Айгүл үйге қайтып бара жатырсың ба?» «Иә, үйдегілер жылдам кел деген еді. Ал давайте, пока!» «Пока!» Осы қоштасу мағынасында қолданылып тұрған *пока* сөзі ауызекі сөйлеу тілінде жастар арасында жиі қолданылады. Сонда көп жастарымыз «көріскенше» деген қазақша сөздің орнына *пока* сөзін қолдануды дұрыс көретін тәрізді. *Пока* сөзі орыс тілінде екі мағынада қолданылса, қазақ тілінде де екі мағынада қолданылып жүр. Бұл сөздің екі мағынасындағы аудармасы да қазақ тілінде дәл, тура аударылған.

« - Әсел «Sulprak» магазинінде скидка болып жатыр екен. Жүр, менімен бірге флешка алуға барасың ба?

- Кім айтты скидка деп, біреу саған әбден лапша ілген ғой. Кеше ғана мен барғанда скидка тұрмақ дым болған жоқ. Бағалары удай»

Осы екі қыздың шағын диалогының өзінде *магазин, скидка, лапша* тәрізді үш бөтен сөз қолданылып тұр. *Лапша* сөзіне тоқталатын болсақ бұл сөздің орыс тіліндегі тура мағынасы ұннан істелетін тағам. Ал *лапша* сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы –«кеспе».

Ауыспалы мағынада орыс тілінде де, қазақ тілінде де «өтірік» деген мағынада қолданылады. «Вешать лапшу на уши (кому-л.) Разг. (Убеждать кого-л. в чем-л. нелепом или ложном; сознательно, обычно с корыстными целями, вводит в заблуждение кого-л.)» (4)

Ал осы сөзді қазақ тілінің аудармасымен *құлаққа кеспе ілген* немесе *кеспе ілу, кеспе асу* деп қолдануға мүлдем болмайды.

Қазақ тілінде өтірік айтқан деген сөзді «*сені алдап соққан*», «*өтірікті судай сапырған*», «*құрыққа сырық жалғазан*» деген тұрақты тіркестермен ауыстыруға болады.

Тағы бір мысал қазіргі күнделікті көріп жүрген, сөз қолданысымызда жиі қолданып жүрген *пробка* сөзі. Бұл сөздің негізгі орыс тілінде білдіретін мағынасы « 1. Закупорка для бутылок (первонач. из коры пробкового дуба), а также для всяких круглых отверстий. Стеклянная п. Деревянная п. в трубе. 2. перен. Скопление чего-н. (транспорта на улице людей в проходе вагонов и т.п.), мешающее нормальному движению (разг.)» (3)

Ал қазақ тілінде тура мағынадағы *пробка* сөзінің аудармасы – «тығын». «*Тығын*. Бөтелке сияқты өңеші тар ыдыстың аузына тығатын зат. *Шампан тығыны, бөтелке тығыны*. Бұл сөзді біз көбінесе *шампан пробкасы* деп орысша айтпаймыз, *шампан тығыны* немесе *шампанның аузы* деп қазақша айту жиі кездеседі. Ал, ауыспалы мағынадағы *пробка* сөзінің аудармасы «кептеліс, тығырық» деген сөздермен аударылған. «Кептеліс» сөзі кепте сөзінен шыққан. Түсіндірме сөздікте «*кепте* 1. Сықитып тығыздау, нығырлау, толтыру. Ішіне балшық кептеп тастаған (Қ.Ысқақов) 2. Ауыс. Бастыру, баса кию. Тақиясын басына кептеп киіп алған (Рахимов) (5) *Тығырық II* Ілгері жүруі, өтуі қиын айналма тұйық жер. Кеме тоқтарлық жөні түзу тығырық та жоқ (Шәріпов) 2. *Ауыс*. Өмірде кездесетін қиыншылық: дағдарыс.»(5) деген анықтамалар берген. Былай қарағанда кептеліс те, тығырық та *пробка* сөзіне жақын тәріздес. Алайда, қазіргі күнделікті сөз қолданыста осы екі сөздің біреуі де қолданылмай, орыс сөзінің *пробка* сөзі жиі қолданылып жүр.

Қазіргі жастар арасында жиі қолданылатын сөз – *тачка*. *Тачка* сөздікте «Ручная тележка в виде ящика на одном колесе, к-рую возят, держа за ручку и толкая впереди себя.» (3) деп жазылған. *Тачка* сөзінің қазақша баламасы – «арба, қоларба». Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде орыс тілінің сөздігінен ерекшелігі «арба – көлікке жегілетін тасымал құралы.» Бірақ екеуінің арасындағы бір жақындық екеуі де зат таситын құрал. Ал біздің қазіргі жастар арасындағы жиі қолданылып жүрген *тачка* сөзі «көлік, машина» мағынасында. Мысалы, студент екі қыздың әңгімесіне көз салайық:

- Айгерім, *привет!* Қалайсың? *Экзаменнен* шықтың ба, түрің әбіржіп кетіпті ғой?
- Иә, *ты угадала!* Бүгін екі экзамен қатарынан болды ғой, сондықтан *настроением* болмай тұр... Мені қойшы, *ты как?*
- Мен, сол магазиндерден жаңа жылға қарсы *подаркалар* қарастырып жүрмін. *Кстати*, сенің *тачкаң* *ремонтта* жатыр деп естігем, жөнделді ме?
- Иә, бұйырса бүгін жөндеп бітуі керек. Жүр *остановкаға* қарай бара берейік...

Байқағанымыздай, бес-алты сөйлемнің өзінен тіл нормасына сай келмейтін бірнеше элементтерді байқауға болады. Осы сөйлемдердегі назар аударатын сөзіміз – *тачка*. Жоғарыдағы көрсетілген аудармаларды осы сөздің орнына, әрине, қоюға болмайды. Мұндағы *тачка* сөзі жастар арасында

жиі қолданылатын слэнгтің бір түрі болып тұр. Тачканың орнына көлігің немесе машинаң деп сыпайы қолданылса, әрине, құлаққа жағымды да әдемі естілері айдан анық.

*Слэнг* (ағылшын тілінде *slang*; *s (sub)* – қосымша, екінші дәрежедегі маңыздылық; *lang (language)* – тіл. Сонымен *slang* – тілдің көмекші түрі) – белгілі топтарда қолданылатын өзгеше сөздердің, күнделікті қолданыстағы сөздердің жаңа мағыналарының жиынтығы. (6)

Слэнгті жаргонмен шатастыруға болмайды. Жаргон көбінесе анайы мағына беріп, белгілі топтарда ғана қолданылады. Мысалы, түрмелерде, наркомендер мен ішкіштер арасында (кайф – кез-келген есірткі мен ішімдік түрі; Бұл сөз қазіргі жастардың тілдік қолданысында *рақаттану*, *ләззаттану* деген мағынаны береді. Мочить – ұру, өлтіру. Негізгі *мочить* сөзінің сөздіктегі мағынасы «1. кого-что. Поливая жидким, делать мокрому, влажным. *Мокрые волосы*. 2. что. Держа в воде, пропитывая влагой, обрабатывать, готовить для чего-нибудь. *Мокрые яблоки*» (3). Ал слэнг сөздің мағынасын жұмсартып, оны айтарлықтай, барлық адамдар қолданады. Бірақ әр ұйымның өзіне тән слэнгі болады. Осыған тән слэнг медицина слэнгі, әскери слэнг, скейтбордшылар слэнгі, радио және телевидение слэнгі, поляр слэнгі (Еуропадағы гейлер арасында), хакерлер мен програмисттер слэнгі, жастар слэнгі және т.б. болып бөлінеді. Бұлардың ішінде ең көп қолданылатыны – жастар слэнгі (7)

Жастардың сөз қолданысындағы жиі кездесетін сөз – *труба*. Орыс тілі сөздігінде *труба* сөзінің мынадай мағыналары жазылған: «1. Длинный пустотелый предмет, обычно круглого сечения (для провода чего-н.) Водосточная т. Дымовая т. Подзорная т. (оптический инструмент). 2. Духовой медный музыкальный инструмент сильного, звучного тембра. 3. Канал в организме для сообщения между органами. Евстахиева т. (соединяющая полость уха с глоткой). Вылететь в трубу (разг.) – обанкротиться; много потратив, остаться совсем без денег. Дело труба (прост.) – плохо дело. Труба иерихонская (разг. шутол.) – очень громкий голос (из библейского предания о разрушении стен города Иерихона трубными звуками). Труба нетолченая (разг. устар.) – о скоплении народа, через к-рое трудно пробраться. Хвост трубой – о поднятом и загнутом хвосте.»

Ал осы сөздің қазақша баламалары – «құбыр, мұржа, түтік, керней».

Қазақ тілінің сөздігінде «*Құбыр* – сұйық заттарды жер асты арқылы өткізу үшін металдан жасалған іші қуыс зат; *труба*. *Мұржа* – пештің, ошақтың түтін шығаратын мойны, түтіндік. *Пештің мұржасы*. *Түтік* – I. іші суық, сырты жұмыр, жіңішке құбыр. *Тар түтіктен аспанға атылған мөлдір су*. II. 1. Ыстықта қатты шаршау, шөліккеу. *Қонақтар шаңытып, шөлдеп, түтігіп келді (М. Әуезов)* 2. Ауыс. ашудан булығы, терісіне сыймау. *Қап-қара боп түтігіп кетті. (Найманбаев)* *Керней* I. Темір пештің, самауырдың түтін шығатын мұржасы. II. Жезден жасаған, мойны ұзынша келген үрмелі музыкалық аспап, сырнай.»

Орыс тілінің *труба* сөзіне қазақ тілінің бірнеше аудармаларын

байқауға болады. Бұның өзі қазақ тілінің сөздік байлығының молдығын байқататын жай. Алайда осы сөздердің бірінің орнына бірін қолдануға болмайды. Мысалы, *пештиң мұржасының* орнына *пештиң түтігі* немесе *пештиң құбыры* деп айтуға болмайтыны тәрізді, *құбырдың* орнына да *түтік*, *керней* сөздерін қолдануға болмайды. *Мұржа* сөзі мен *керней* сөзі кей кездерде орындары ауыстырылып та қолданыла береді. Ол жергілікті ерекшелікке жатады.

Ал қазіргі жастар сөз қолданысындағы *труба* сөзінің синонимі «ұялы телефон». Көбінесе ұялы телефонымыз орыс тілінен енген *сотовый*, *сотка*, *мобила* сөзімен қолданса, көп жастарымыз *труба* сөзімен де айта беретін көрінеді.

Осындай жастар арасындағы сөз қолданыста құлағымызға жиі естілетін сөз – *тема*. Бұл сөздің қазақша баламасы – *тақырып*. Яғни бір шығарманың, мақаланың, романның, әңгіменің, т.б. тақырыбы деген сөз. Мысалы: «*перейти к другой теме*», «*басқа тақырыпқа ауысу*». Орыс тілінде де, қазақ тілінде де білдіретін мағыналары бір. Ал қазіргі жастар қолданатын *тема* сөзі – «керемет, күшті, өте жақсы» деген мағынада. Бұл сөз жастар арасында көңілден шыққан жақсы затты сипаттау мағынасында қолданылып жүр. Мысалы: «*Ана кетіп бара жатқан қызды қарашы тема киініп алыпты* немесе жаңа, әдемі бір машина көрсе «*қарашы, тема машина екен*», әдемі сұлу қызбен танысып қалса, «*мен бір тема қызбен таныстым*» деген сөздерді жиі естіп жүрміз. Ал, бұл сөздерді дәл аудармасымен «*тақырып киініп алыпты, тақырып машина екен немесе тақырып қызбен таныстым*» деген сөздермен мүлдем ауыстыруға келмейді. Бұл сөздерді «керемет киініп алған, әдемі машина, сұлу қыз» деген сын есімді тіркестермен ауыстырсақ, немесе орынды көрінетін тәрізді.

Ал орыс тілінде де осы «тема» сөзі жастар тілінде жиі қолданылады. Алайда, бұл сөз қазақ тіліндегідей барлық сөзге бірдей тіркесе бермейді. Мысалға «*тема машина, тема фильм, тема киім*» дегендерді «*тематичная машина, тематичный фильм, тематичная одежда*» деп қолдануға болғанымен «*тема девушка*» немесе «*тематичная девушка*» деп қолданылмайды.

Орыс тіліндегі көп мағынада қолданылатын *тупой* сөзінің екі мағынасы да қазақ тіліндегі сөз қолданыста жиі айтылып жүр. Мысалы орыс тілінің сөздігінде: « 1. Недостаточно отточенный, такой, к-рым трудно резать, колоть. *Т. топор.* 2. *перен.* Лишенный острого восприятия, несообразительный. *Т. ум. Т. человек*» (3) деген анықтама берілген.

*Тупой* сөзінің қазақша аудармалары «топас, өтпес, мақау, мисыз» сөздерімен қолданылады. Яғни, өтпес сөзі орыс тілінің тура мағынадағы «*тупой нож –өтпес пышақ*» деген мағынасында қолданылса, мақау, мисыз, топас, ақымақ сөздері орыс тіліндегі ауыспалы мағынасындағы (тупой человек – ақымақ адам немесе топас адам) сөзінің орнына қолданылады. Бұл жерде де жоғарыдағыдай бірінің орнына бірін ауыстыруға келмейді. Өтпес деген сөз тек қана пышаққа, балтаға, шалғыға ғана қолданылса, қалған сөздер адам баласына ғана қолданылатын аудармалар.

Осы тәріздес орыс тілінен енген сөздердің қасиеті әр түрлі. Мәселен:

- бір сөздер орыс тілінде көп мағына білдіргенімен, қазақ тіліндегі қолданылатын мағынасы бір ғана;
- кей сөздер орыс тіліндегі мағынасы бір болғанымен қазақ тіліндегі білдіретін мағыналары бірнеше;
- кейбір сөздер орыс тілінде де, қазақ тілінде де бірдей мағынада қолданыла береді;
- тағы бір сөздер қазіргі жастар қолданысында жүргенімен орыс тіліндегі де, қазақ тіліндегі де сөздердің мағынасына еш қатысы жоқ сөздер; (тема, тачка, труба)

Тілсіз қоғам болуы мүмкін емес, қоғамнан тыс тіл деген эсте болмайды. Алайда, қазіргі дүниежүзілік практикада екі тілді қатар пайдаланатын қоғамның болатыны сияқты, бірнеше қоғамға қатар қызмет ететін қоғам да аз емес. Жалпы алғанда, қазір бір ғана тілден тұратын қоғам кездесе бермейді. (8)

Ал қазір Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздікке жеткеннен бері қостілділіктің дамуы және оның әл-ахуалы күн тәртібінен түспей отыр, себебі, Қазақстан кеңістігінде ұлттық-қазақ, ұлттық – орыс, қазақ – француз, қазақ – ағылшын қостілділіктің түрлері белсенді түрде дамып өркендеп келе жатыр. (9)

Осыған орай, қазіргі уақытта сөздік қорымызда қолданылып жүрген қазақ тіл білімінің нормасына сай келмейтін көптеген бөтен элементтерді байқауға болады. Әсіресе, қазіргі жас жеткіншектердің сөйлеу тілінде әр тілді араластырып қолдануды көптеп кездестіреміз. Оған себеп – қазіргі жастарымыздың заманға сай бірнеше тілді қатар меңгеруге тырысуы. Біздің мақсатымыз – осы элементтерді қарастыра отырып, әр сөздің мән-мағынасын ашу.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- /1/ «Языковые ситуации и взаимодействие языков» // Сб.ст – Киев: Наукова думка, 1989 – стр. 76-133.
- /2/ Croft, William (2000) *Explaining Language Change: An Evolutionary Approach*. Harlow: Longman: 75-6.
- /3/ С.И.Ожегов «Словарь русского языка» // Москва: изд. «Советская энциклопедия», 1964.
- /4/ Толковый словарь (рус. яз. конца XX в.) языковые изменения // Санкт-Петербург: Российская академия наук, инст. лингвистических исследований, 1998.
- /5/ Қазақ тілінің сөздігі. Алматы: «Дайк-Пресс», 1999.
- /6/ <http://en.wikipedia.org/wiki/Slang>
- /7/ Beard, Robert (2006) What is Slang? alphaDictionary.com, [http://www.alphadictionary.com/articles/what is slang.html](http://www.alphadictionary.com/articles/what%20is%20slang.html).
- /8/ Б. Хасанұлы «Ана тілі – ата мұра» // Алматы: «Жазушы», 1992.
- /9/ Ахмедина Б.К. «Қостілділіктің психолінгвистикалық және лингводидактикалық сипаттамасы» // ҚРҰҒА хабарлары, №5, 2006 ж.

### **Резюме**

В данной статье рассматривается специфика иноязычных слов и сленгов часто употребляемых среди молодежи.

### **Resume**

The article describes specific character of words and slenqs often used among young people.

### **Özet**

Bu makalede başka dillerden giren ve gençler arasında sık- sık kullanılan kelimelerin manaları ele alınmaktadır.